Автор: Абдиркенова Акбидаш
Пән: XXI ғасыр дағдылары
Сынып: Үйренуді үйрену
Бөлім: Үйренуді үйрену
Тақырып: Рефлексияның психологиялық механизмдері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Рефлексияға қатысатын психологиялық үдерістердің өзара байланысын түсіну; өз әрекетін, пайымын және ұстанымын талдау арқылы негізді шешім қабылдау мен өзіндік реттеу дағдыларын дамыту.
Сабақтың мақсаты:	Рефлексия барысында өзіндік бақылау, өзге көзқарасты ескеру және әрекетті қайта қараудың қызметін түсіндіру; жағдаяттағы дерек пен жорамалды ажырату; бастапқы пайымды тексеруге және келесі әрекетті жоспарлауға арналған сұрақтар әзірлеу.
Тілдік мақсаттар:	Білім алушылар өз пайымын сипаттайды, балама түсіндіру ұсынады және шешімін дәлелдейді. Негізгі ұғымдар: рефлексия, өзіндік бақылау, метатаным, өзіндік реттеу, децентрация, пайым, жорамал, қайта бағалау. Сөйлеу үлгілері: «Менің бастапқы пайымым — ...»; «Оны растайтын дерек — ...»; «Басқа ықтимал түсіндіру — ...»; «Жағдайды басқа қатысушы ... деп қабылдауы мүмкін»; «Келесі әрекетімді нақтылау үшін ... тексеремін».
Күтілетін нәтиже:	Білім алушы рефлексияға қатысатын кемінде үш үдерістің қызметін мысалмен түсіндіреді; бір жағдаяттағы деректер мен жорамалдарды ажыратады; екі балама түсіндіру және ақпаратты нақтылауға бағытталған әрекет ұсынады.
Бағалау критерийлері:	1. Өзіндік бақылау, өзге көзқарасты ескеру және әрекетті қайта қарауды нақты мысалдармен түсіндіреді. 2. Жағдаяттағы бақыланған әрекетті оған берілген түсіндіруден ажыратады. 3. Бастапқы пайымға кемінде екі балама түсіндіру ұсынады. 4. Деректі нақтылайтын екі сұрақ және нәтижесіне сәйкес келесі әрекетті жоспарлайды.
Құндылықтарды дарыту:	Ашықтық: бастапқы пікірінің қате немесе толық емес болуы мүмкін екенін мойындау. Құрмет: өзгенің көзқарасын алдын ала тұжырым жасамай тыңдау. Адалдық: бақылаған дерек пен өз жорамалын ажырату. Жауапкершілік: шешімді нақты ақпаратқа сүйеніп қабылдау және оның ықпалын бағалау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бейнематериалдағы негізгі ойларды электрондық сызбада жүйелеу; ортақ құжатта «дерек — жорамал — балама түсіндіру — тексеру» кестесін толтыру; рефлексия күнделігіне қысқа жазба енгізу. Нақты адамдар туралы жазбаларда жеке деректерді жарияламау. Интернет болмаған жағдайда қағаз кесте қолданылады.
Пәнаралық байланыс:	Психология: метатаным, өзіндік бақылау, децентрация және өзіндік реттеу. Педагогика: педагогикалық шешімдерді талдау, білім алушының пікірін ескеру. Логика: дерек, жорамал және қорытындының байланысы. Қазақ тілі: нақтылау сұрақтарын қою, балама пікірді әдеппен жеткізу.
Бастапқы білім:	Білім алушылар рефлексияны әрекетті жай сипаттаудан ажыратады. Дерек пен пікірді салыстыру, теориялық тұжырымды жағдаятқа қолдану тәжірибесі бар. Өз тәжірибесін талдап, келесі қадамды ұсына алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Мұғалім «Білім алушы талқылауда сөйлемеді. Демек, ол тақырыпты түсінбеді» деген пайымды ұсынады. Қатысушылар қай бөлігі бақылауға негізделгенін, қай бөлігі жорамал екенін анықтайды. Жұптар сөйлемеудің басқа ықтимал себептерін атайды. Мұғалім сабақ мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстырады	https://www.youtube.com/watch?v=FlgAZct916g&feature=youtu.be

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	1. Бейнематериалмен жұмыс — 10 минут. Видеоны немесе тақырыпқа қатысты таңдалған үзіндісін қарайды. «Үдеріс немесе механизм — атқаратын қызметі — әрекеттен көрінуі» кестесіне жазба түсіреді. Мұғалім терминдерді бейнематериалға сәйкес нақтылайды. 2. Жағдаятты талдау— 8 минут. Қатысушыларға шартты деректер беріледі: білім алушы жалпы талқылауда сөйлемеді; жазбаша тапсырманы дұрыс орындады; жұптық жұмыста бір ұсыныс айтты. Жұптар «тақырыпты түсінбеді» деген бастапқы пайымды қайта қарайды. Екі балама түсіндіру ұсынып, олардың да әзірге жорамал екенін көрсетеді. 3. Рефлексивті әрекет жоспары — 12 минут. Топтар педагогтің келесі әрекетін жоспарлайды: өз пайымын белгілеу; деректерді тексеру; білім алушының көзқарасын тыңдау; қолдау тәсілін таңдау; нәтижесін бақылау. Екі нақтылау сұрағын жазады, мысалы: «Қай жұмыс түрінде ойыңды жеткізу ыңғайлы болды?», «Жалпы талқылауға қатысуға не көмектесер еді?». Қолдау қажет қатысушыларға кесте құрылымы беріледі; ерте аяқтағандар ұсынылған қолдаудың әсерін бағалайтын көрсеткіш қосады.	https://www.youtube.com/watch?v=FlgAZct916g&feature=youtu.be
Сабақтың соңы	Топтар жоспарларын таныстырады. Тыңдаушылар дерек пен жорамалдың ажыратылуын, өзге көзқарастың ескерілуін және келесі әрекеттің негізділігін бағалайды. Әр топ бір түзету енгізеді. Мұғалім өзге адамның ойын болжап қоюдың орнына, оның пікірін сұрап нақтылау маңызды екенін қорытындылайды.	https://www.youtube.com/watch?v=FlgAZct916g&feature=youtu.be
Рефлексия	Қатысушылар сөйлемдерді аяқтайды: «Бастапқы пайымымды тексеру үшін ... жасаймын»; «Өзге көзқарасты ескеру маған ... көмектеседі»; «Келесі жолы шешім қабылдамас бұрын ... сұрағын қоямын». Өз жұмысынан дерекке сүйеніп өзгерткен бір тұжырымды көрсетеді.	https://www.youtube.com/watch?v=FlgAZct916g&feature=youtu.be